

ШӘКӘРІМ ҚҰДАЙБЕРДІҰЛЫ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ «ТАЗА АҚЫЛ» КАТЕГОРИЯСЫ

*Нурланова А.Н.¹, Кульгильдинова Т.А.², Кусманова К.А.³,
Сарсембаева А.А.⁴

*¹фил.ғыл.канд., профессор, Қазақстан-Американдық еркін
университеті, Өскемен, Қазақстан,
e-mail: anur_81@mail.ru

² фил.ғыл. док., профессор, Абылай хан атындағы
ҚазХҚЖӨТУ, Алматы, Қазақстан
e-mail: tulebike@mail.ru

³ фил.ғыл. док., профессор, С.Аманжолова атындағы ШҚУ, Өскемен,
Қазақстан,
e-mail: kusmanova_2014@mail.ru

⁴пед.ғыл. канд., доцент (қауымдастырылған профессор), Д. Серікбаев
ат.ШҚТУ), Өскемен, Қазақстан,
e-mail: araily@mail.ru

Аңдатпа. Мақалада Шәкәрім Құдайбердіұлының поэзиясында жиі кездесетін «таза ақыл» тіркесі жеке категория ретінде қарастырылады. Зерттеу жұмысының мақсаты – Шәкәрім поэзиясындағы бүгінгі күні аса қажетті нағыз адам моделін беретін адами құндылықтар категориясын саралап, соның ішінде «таза ақыл» категориясының рухани жан тазалығын сақтауда атқаратын рөлі мен келешекке берер кепілдігін ақын поэзиясынан алып талдау, оның халыққа және болашақ ұрпаққа айтқан терең ойлы сөздерін психологиялық, философиялық тұрғыдан қарап зерделеу, сөз құдіретінің мәнін ашу.

Шәкәрім Құдайбердіұлының өмірлік және шығармашылық жолын зерттеген әдебиетші-ғалымдардың саны жетерлік. Олардың еңбектерін оқи отырып, бұл тұлғаның өмірі мен қалдырған мұрасы түгел зерттелді деп дәп басып айта алмаймыз. Ақынның сара жолын зерделеген зерттеуші-ғалымдар оның кім екенін халыққа таныта білді. Алайда, өлеңдеріне тек поэзиялық нысан ретінде қарап, туындыларының астарына толықтай үңіле алмады, оның абсолютті биігіне жетпеуі мақаланың өзектілігін білдіреді.

Ғылыми зерттеудің идеясы мен бағыттары – Шәкәрім Құдайбердіұлы поэзиясындағы «таза ақыл» категориясының мәнін, оның зерделенуін жан-жақты ашып көрсету.

Адамгершілік мәселесі ұмыт қалып бара жатқан заманда адамды «таза ақыл» көмегімен дұрыс, өкінішсіз өмір сүрудің жолдарын ұсыну.

Жер бетінде адамнан саналы тіршілік иесі жоқ. Алайда, осы «ақыл» «сана» ұғымдарының өзін Шәкәрім ақын категорияға бөліп, өмірде «таза ақылдың» мәні зор деген баға береді. Мақалада осы айтылып отырған жай ақыл мен таза ақылдың айырмашылығы Шәкәрім Құдайбердіұлы поэзиясы негізінде салыстырыла талданады.

Өмірлік өзекті тақырып болып табылатын адамдықтың бастауы «таза ақылдан». Сонымен қатар, мақалада «таза ақылдың» арқасында жетістікке жетіп, тек өзінің ғана емес, бүкіл ұлттың рухын жандандырып, жан-дүниесін ағартқан ұлылар мысалға келтіріледі.

Зерттеу барысында пайдаланылған әдістер: жүйелеу, салыстыру, баяндау, талдау. Ақын өлеңдері белгілі бір жүйесін тапты, жеткізілмек ой баяндалып, бүгінгі мен өткен күндегі адами болмыс пен ақынның тұжырымдары шетелдік философтардың пікірлерімен

салыстырылды, жалпы философиялық-психологиялық бағытта жазылған өлеңдері талданды.

Жинақталып зерттелген материалды қазақ әдебиетінің тарихы жайындағы, Шәкәрімтану жөніндегі еңбектерде, филология факультетінің студенттеріне сабақ беру кезінде, Шәкәрім жайлы семинарларда қолдануға болады.

Тірек сөздер: таза ақыл, адам, Ш.Құдайбердіұлы, адамдық, сана, ақыл, болмыс, жарық нұр

Негізгі ережелер

Адамның кешегі және бүгінгі болмысының өзара ұқсастықтары мен айырмашылықтары талданып, алға басу мен кері кетудегі үрдістер салыстырылады.

Жұмыста психология саласы бойынша бірқатар еңбектер жазып, күллі әлемді аузына қаратқан мықты психолог мамандардың айтқан кеңестері мен әдістерінен мысалдар келтіріледі және ақын ойларымен сараланып, дұрыс немесе ақылға қонымсыз ой қорытындылардың ара-жігі ажыратылады.

Шәкәрім поэзиясындағы бүгінгі күні аса қажетті нағыз адам моделін беретін адами құндылықтар, соның ішінде «таза ақыл» категориясын саралап, рухани жан тазалығының тіршілікте атқаратын рөлі мен келешекке берер кепілдігін ақын поэзиясынан алып талдау, оның халыққа және болашақ ұрпаққа айтқан терең ойлы сөздерін психологиялық, философиялық тұрғыдан қарап зерделеу, сөз құдіретінің мәнін ашу мақаланың негізгі мақсаты болып табылады.

Кіріспе

Өзектілігі. Ұлылардың дара жолын зерттеп, шығармашылығын халыққа танытып жүрген әдебиетшілер мен тарихшылардың саны көп. Олардың еңбектерін оқи отырып белгілі бір тұлғаның өмірі мен қалдырған мұрасы түгел зерттелді деп дөп басып айта алмаймыз. Рухани арпалыс пен халықтың жан дүниесін ағартуға бүкіл өмірін сарп етіп, оны еңбектерінде жазып, поэзиясында жырлаған данышпан ақын, тарихшы Ш.Құдайбердіұлын осы санатқа жатқызуға әбден негіз бар. Ақынның сара жолын зерделеген зерттеуші-ғалымдар оның кім екенін халыққа таныта білді. Алайда, өлеңдеріне тек поэзиялық нысан ретінде қарап, туындыларының астарына толықтай үңіле алмады, оның абсолютті биігіне жетпеді.

Ш.Құдайбердіұлының тегін адам еместігі, оның философиясының сан ғасырлық зерттеуді керек ететіні саналы азаматқа аян. Қазіргі «әрі залым, әрі ғалымдардың» үрейлі заманында адами құндылықтардан біртіндеп айырылып бара жатқан адамзат үшін, ақын жайлы зерттеулерді жаңғыртып, мұрасын қайта қарау қажеттілігі туындап отыр.

Ш.Құдайбердіұлы өз заманының негізгі мәселелерін көре отырып, өткен күнге үңіліп, болашаққа болжам жасайды. Ойшыл поэзиясында дұрыс ғұмыр кешіп, өмірден еш өкінбей өтудің негізгі қағидаларын оқырманға ұсынады. Еуропа елдерінде ерте заманда туындап, қазірде барынша дамып жатқан психология ғылымынан қазақ халқының да кенде еместігіне Ш.Құдайбердіұлы шығармашылығын дұрыс бағытта зерделеу негізінде көз

жеткізуге болады. Әрі психолог, әрі философ Ш.Құдайбердіұлы мінсіз өмір сүрудің құпиясын білген, оны қолданып қана қоймай, кейінгілерге поэзиясы арқылы бағасыз насихат айтқан. Міне, осы насихаттардың, ақын ойларының қазіргінің көзімен заманауи мәселелер негізінде талдануы мақаланың жаңашылдығы болып табылады.

Зерттеу жұмысының мақсаты – Шәкәрім поэзиясындағы бүгінгі күні аса қажетті нағыз адам моделін беретін адами құндылықтар категориясын саралап, соның ішінде «таза ақыл» категориясының рухани жан тазалығын сақтауда атқаратын рөлі мен келешекке берер кепілдігін ақын поэзиясынан алып талдау, оның халыққа және болашақ ұрпаққа айтқан терең ойлы сөздерін психологиялық, философиялық тұрғыдан қарап зерделеу, сөз құдіретінің мәнін ашу. Осы мақсатқа жету үшін төмендегідей міндеттер көзделеді:

- ақын поэзиясындағы «таза ақыл» категориясының мәніне үңілу;
- ақын поэзиясының негізінде «таза ақылды» «ақылдан» ажырату;
- «таза ақыл», «ақыл» мәселелері турасында басқа да философ, ғалымдардың пікірлерінен мысалдар келтіріп, тұжырымдау.

Материалдар мен әдістердің сипаттамасы

Зерттеу барысында жүйелеу, салыстыру, баяндау, талдау әдістері пайдаланылды. Ақын өлеңдері белгілі бір жүйесін тапты, жеткізілмек ой баяндалып, бүгінгі мен өткен күндегі адами болмыс пен ақынның тұжырымдары шетелдік философтардың пікірлерімен салыстырылды, жалпы философиялық-психологиялық бағытта жазылған өлеңдері талданды.

Мақаланы жазуда басшылыққа алынған негізгі әдебиеттер - Ш.Құдайбердіұлының «Иманым», «Қазақ айнасы» еңбектері, «Шәкәрім» ғылыми-педагогикалық журналы мен ақын шығармаларының үш томдық жинағы. Сонымен қатар, ақынның өмірі мен шығармашылығы туралы ғылыми мақалалар қарастырылды.

Талқылау және нәтижелер

Адам – Жер жүзіндегі санасы жоғары деңгейде дамыған тіршілік иесі. Көкке ұшып, су астына түскен адамзаттың қазірде бағындырмаған белесі жоқ. Ол Жаратушы берген ақыл күшінің арқасында мүмкін еместі мүмкін қылады. Ал адамның зор ақылға бір-ақ күннің ішінде қол жеткізбегені баршамызға белгілі.

Біз адамның ақылын екіге бөлеміз: менталды және адами. Менталды ақылға ие адамдардың ойлауы мен логикасы жақсы жұмыс жасайтындықтан, олар ғылым-білімді тез игерсе, адами ақылдыларда әділет, ұят, ар, иман тәрізді жан құндылықтары жоғары деңгейде дамыған. Бойында бұның екеуі де тоғысқан адам – «адамның адамы».

Пендешілікке салынған біз үшін ақша, дүние, мансаптың мәні зор. Неліктен? Себебі олар болса, қиналмай күн кешеміз, рақаттанып өмір сүреміз деп ойлаймыз. Әрине, бұл ой қате. Рақат өмір сүру үшін адамзатқа үйлесім, яки гармония, баланс, ынсап, жан тыныштығы керек. Өкінішке орай, ең

бағалы, бірақ көзге көрінбейтін осы құндылықтарды кей адам қартайған шағында ғана түсінеді. Алайда, өле өлгенше әп сәтте «еритін мұздың» соңынан қуып, сол күйі тіршіліктің негізін түйсінбей кететіндерге қарағанда бұлар бақытты. Міне, сондықтан да Михаил Юрьевич Розанов: «Человек – это профессия» («Адам – бұл мамандық»), - дейді [1, 5б.]. Мәселен, ұстаз оқушыларды оқытуға, алдына келген жас буынды білім нәрімен сусындатуға міндетті. Дәрігер алдына келген науқасты емдеп жатып аяқ асты жұмысын тоқтатып, кете алмайды. Себебі ол адам мектеп бітірерде өз мамандығын саналы түрде таңдап, сол бойынша белгілі бір оқу орнын тәмамдап, ант қабылдап, өз еркімен жұмысқа орналасқан адам. Мамандығы ұқыптылық пен үлкен жауапкершілікті талап ететіндіктен, дәрігерлер өз істеріне немқұрайлылықпен қарай алмайды.

Сол тәрізді адам болу да оңай емес. Ол - негізгі жауапкершілік. Адам басқаны ұмытса да, адамдықты естен шығармауы керек. Біреудің қуанышына ортақтасу, қайғысымен бөлісу, тілектестік білдіру, көмекке мұқтаждарға қол ұшын созу сияқты әлемді нұрландыратын игі іс-әрекеттің түбірі адамнан.

Жак-Ив Кусто шамамен 450 млн жыл бұрын пайда болып, динозаврлар кезеңін, жалпы жаһандық катаклизмдердің барлығын артқа тастаған акулалардың жойылып кетуі мүмкін емес деген ойға келген. Себебі, олар түбегейлі өзгерістерге керемет бейімделеді. Алайда, заманауи статистика керісінше сөйлейді. Адам жыл сайын әлем бойынша 100 млн акуланы аулайды екен, яғни секундына 3 акулдан. Бұл тәріздес жағдайларды қарастырсақ, санына жетпеспіз. Бейне бір жыртқыш аңдар емес, адамдар жабайыланып бара жатқандай. Осы орайда адам ақылының «таза» еместігіне көз жеткіземіз [2].

Философия ғылымында «таза ақыл» терминін қолданған философ – Иммануил Кант. Оның 1781 жылы Ригада жарық көрген «Таза ақылдың сыны» еңбегінің негізгі кілті – эмпирикалық жолмен алынатын ақылды білімнен бөле отырып зерттеу. Зерттеу барысында философ кеңістік пен уақытқа тоқталып, Құдайдың бар екеніне ақыл арқылы сенудің мүмкіндіктерін дәлелдейді. Біз тәжірибе көмегімен қабылдайтын уақыт пен кеңістік субъективті, олар өздігімен өмір сүрмейді, яғни бұл тек адамзат алдындағы көрініс, түсінік. Осы көріністі біз объект ретінде қабылдаймыз. Сондықтан біз де бұл заңдылыққа бағынамыз да, өзімізді зат емес, тек құбылыс ретінде ғана түсінеміз.

«Таза ақылдың сыны» еңбегінің мазмұны гносеология болып табылады. Автор зерттеу барысында пайымдауларды синтетикалық, аналитикалық, априорлық, апостериорлық деп бірнеше түрге бөліп қарастырған. Шығарма өте ауыр тілмен жазылғандықтан, оқырман И.Канттың айтпақ ойын түсіне алмай дал болады. Ал нақты тұжырымдар мен ережелер жазылған ақыл жөніндегі көпшілікке түсінікті еңбек – Рене Декарттың «Ақылды басшылыққа алудың ережелері» деп аталатын трактаты. Өкінішке орай, автор тек он екі ережені ғана жазып үлгерген.

Ғылымда, философияда ақыл турасында зерттеу жұмыстарын жасап, еңбектерін жариялаған тұлғалар саусақпен санарлық. Бұл - тақырыптың күрделілігінен. Ғалымдардың көбі жай ақылды зерттесе де, таза ақыл мәселесіне келгенде тұжырым жасай алмаған.

Сонда ақыл мен таза ақылдың айырмашылығы неде? Бұл сұраққа Ш.Құдайбердіұлы көпшілікке түсінікті поэзия тілінде жауап беріп, ерекшелігін адам мінез-құлқының негізінде ашып береді.

Ақыл деген – жарық нұр. Сол нұрды тән үшін жан жұмсайды. Өйткені жан тәнге, ал ақыл жанға матаулы. Киер киім, ішер ас секілді күнделікті тірліктермен қоса, өмірлік қанағаттануда жан тәннің қамын жеп, күні-түні тынбайды. Жан тәнді сақтау үшін, оны ыстық-суықтан, аштықтан аман алып қалу үшін түрлі кесапатқа баруы да мүмкін. Міне, сондықтан адам айуанның етін, сүті мен күшін, араны, оның балын, теңіздің суы мен балығын, жердің гүлдеген жемісін, құстың денесін, жүнін, жұмыртқасын тек өзі үшін ғана жаратылғандай оңды-солды пайдаланады. Негізгі мақсат – өз қажеттіліктерін қанағаттандыру. Осы кезде адамның таза ақылы жанды қимай, оны сақтау үшін қиянатқа көнеді. Солай тәнді сақтау үшін алып-ұшқан жанға ақыл да адал көмек бере алмайды, зұлымдықпен адам бір-бірін жеуге де даяр тұратын болады. Адал еңбек, ақ пейіл, мейірімнің жоқтығынан таза ақыл өледі. Сондықтан да адам әлемге жау болады:

Сөйтіп ақыл бере алмай адал көмек,
Зұлымдықпен адамды адам жемек.
Адал еңбек, ақ пейіл, мейірім жоқ –
Осы болар таза ақыл өлді демек.

Сондықтан адам – залым, әлемге жау,
Ебін тапса, қоймайды ешкімді сау.
Жер білсе адамзаттың бұл қылығын
Үстінен бәрін төгіп тастар еді-ау [3, 23б.].

Егер де Жер адамзаттың бұл қылығын білсе, үстінен тас төгер еді ғой дейді Шәкәрім. Бұл дегеніміз адам біле тұра орны толмас қиянат жасауға әзір деген сөз, ал бұл – жаратушының алдындағы үлкен күнә. Барлығы басқаша болып, бәрін тек ақыл билесе, әлемде ешқандай қиянат та, зорлық-зомбылық та болмайтын еді. Адам тағдырында тек таза еңбекті ғана пайдаланса, сол кезде аты затына сай болар еді.

Біз балғын балалық шақта көп нәрсенің байыбына бармай жатып, тым көрсеқызарлық мінез танытамыз. Енді өсіп-өніп келе жатқан балаға жер бетіндегі әр тастың өзі қызық. Оның еш сөкеттігі жоқ, баршаға белгілі табиғи құбылыс. Балалық еркелікке салынып, дүкенге кіргенде миллиондаған ойыншықты көріп, «алып бер» деп жер тепкілей жылау бәрінде болған шығар. Ата-ананың айтқанына көнбей, қаражаты жетпей тұрғанда одан сайын ел алдында масқара еттік. Сол ойыншыққа қол жеткізгеннен кейін, бір-екі күн ғана ойнап, бір шетке лақтыра салушы едік. Кішкентай болғандықтан, біз ол кездері көп дүниені түсінбедік. Алайда, уақыт өте келе жақындардың айтуымен, өмірлік сабақтың арқасында талайды түйдік. Содан шығатын қорытынды - таза ақыл адамда жастайынан қалыптаса бастайды. Ал оның әрі қарай дамып, шыңына жету-жетпеуі тәрбиеге келіп тіреледі.

«Адамнан артық жәндік жаралмаған» өлеңінде автор екі аяқты жұмыр бастының сүйкімсіз қылықтарын әшкере етеді. Жұрт алдымен айнаға қарап алмай, «иттен жаман айуан жоқ» деп жар салады.

*Бұл туралы менде бір бөтен ой бар,
Анық ұқсаң, айтайын, достым, саған.
Адамның айуаннан айланы мол,
Қит етсе, қиянатқа қояды қол.
Мейірім, ынсап, ақ пейіл, адал еңбек,
– Бұл төртеуін кім қылса, шын адам сол.
Қанеки ондай адам, қай жерде бар? [3, 10б.]*

Шын «адам» деген атқа ие болу үшін мейірім, ынсап, ақ пейіл болуы керек, адал еңбекпен шұғылдану қажет. Бірақ ондайлар тым аз, «көбінің сыртында бал, ішінде зәр» [3, 10б.]. Шәкәрімнің айтуынша, адамнан қарағанда ит анағұрлым жанашыр, достықты ұмытпайды. Бір рет қолыңнан тамақ жеген күшік өлгенінше есігіңнен кетпейді. Оған жұмыс орнында инфаркт алып, үйіне оралмай қалған иесін тоғыз жыл бойы бекетте күткен адал ит Хатико дәлел бола алады.

Анда-санда ұрып қойсаң да, адал ит жаныңнан кетпейді. Ал үнемі көмек беріп жүріп, бір күні оның реті келмей қалса, жәрдем сұраған адам көрместей болып кетеді, «бұрынғы жақсылықтың бәрін ұмытады». Бұл жерден адамдықтың иісі де сезілмейді. Автор досымен араздасып қалған біреудің өмірі мен жасаған іс-әрекетін өлеңіне қосып, шын дос пен дұшпанның айырмасын түсініп алуға шақырады. Шығармада досымен қатты ренжіскен адам өзін өлтірмек болған жауызды жазалаудың орнына, жаудың келгенін хабарлап, иесін оятайын деп арсылдаған итті ұрады. Сондықтан:

*Арсылдап иті үрген қараңғыда,
Иесі жер шалады барады да.
Бұғып жатқан дұспанын көзі көрмей,
Итті ұрады бір таяқ алады да.*

*Қанжар ала жүгірген жауды көріп,
Қашады қатты аттанды салады да.
Мына жақтан жүгіріп ит те келіп,
Тастайды әлгі жауын жарады да...*

*Алаңдамай тыңда да сөзімді тос,
Айтылған сөз емес қой қалжыңмен бос.
«Дос деп жүрген кісіңнің көбі – дұспан,*

Шын досың – жақсылықты ұмытпаған дос», – деп Шәкәрім текке айтпаған [3, 12б.]. Ал жақсы мен жаманды, ақ пен қараны ажырату да оңай емес, ол үшін де адамда ақыл болуы керек. Себебі ақыл адамзаттың өмірінде өлшеусіз рөл атқарады. Түймедей кіші нәрседен, түйедей үлкен мәселелерді шешу барысында оның үлесі зор.

Бірақ таза ақылға ие адамдар да сатқындықтан опық жеп жатады. Біреуді сатып кеткен жүрексіз, пейілі қара кісінің ары қарай да айы оңынан туып

тұрады дей алмаймыз. Аққа құдай жақ. Біреуге істеген жамандығың өз басыңа келмейінше, дүниеден өтпейсің. Сол себепті кез келген іске бармас бұрын дұрыстап ойланып, ақылға салып өлшеу керек. Әйтпегенде ертең соның салдарынан қу тізеңді құшақтап қалмасыңа кім кепіл?

«Жаралыс басы – қозғалыс» [4, 23 б.]. Жер бетіндегі кез келген тіршілік иесі, белгілі бір құбылыс қозғалу арқылы өмір сүреді. Адам да дүниеге келген кезде жүруге шамасы келмей жатса да, жаялықтан қол-аяғын қайта-қайта шығарып, уақыт өте келе алғашқы қадамдарын жасауға талпынады. Аяққа бір тұрса, адам дейтін жаратылысты тоқтату мүмкін емес. Шәкәрімнің «көшпеген нәрсе өспейді» деуі сондықтан. Сонымен қатар ақын:

*Таза ақыл анық адамда,
Әлім бе, мейлі надан ба?
Айтқанға нанба – шынға нан,
Жетектеп ойды әманда,
Ойланбай салма жарысты.*

*Ақылдың көзін байлама
Білгіш деп басшы сайлама.
Оқуым, дінім, наным деп,
Әдетке қарай айдама
Ақылға сынат әр істі, - дейді [3, 114б.].*

Өмірде әр оқиғаның, құбылыстың, іс-әрекеттің қозғаушы күші болса, тәнді қозғайтын ұлы күш – жан. Өйткені, онда Мән бар. Адам керек кезде күннен нәр алып, «күн суық болса, түпке қашатын», дым келіп, аспаннан нұр құйылса жадырап, көңілі ашылатын өсімдіктей болуы керек.

*Айтамын мұны жастарға,
Таза арақ ішкен мастарға,
У ішіп, қулық жинаған,
Айтпаймын қуыс бастарға [3, 115б.].*

Арақ-шарап адамға мастық күй сыйлап, қайғысын уақытша болсын ұмыттырады. Бұл өлең шумағындағы «таза арақ» дегеніміз – таза ақыл. Ақынның неліктен бұл сөзді қолданғаны түсінікті. Сонда Шәкәрімнің айтуы бойынша, бар ақылды қулық, айла, мақтан, өсек-өтірік тәрізді жағымсыз мақсаттарда қолданған адамның ақылы - лас. Ал «таза ақыл ақты барлайды». Жан мен ойдың тазалығы таза ақылға бастайтын екі құрал.

Танымал шешен Ник Вуйчичті таза ақылға ие адам деп айтуға әбден болады. Туғаннан қол-аяғы жоқ ол барлық қиындықтарға төзіп, сәтсіздікті бақытсыздыққа баламай, өмірлік жолын тапты. Ник екі жоғары оқу орнын бітірген, бүгінде күнделікті іс-әрекеттің барлығын жалғыз өзі еш қиындықсыз атқара алатын тәуелсіз адам. Ол компьютерде мәтінді минутына 43 сөзден тереді, серфингпен айналысады, гольф ойнайды, балық аулауды жаны сүйеді, жүзеді және трамплиннен суға секіріп сүңги де алады. Бұл сиқыр немесе ойдан шығарылған ертегі сияқты көрінеді. Бірақ Никтің осындай жетістіктерге жетуі оның табандылығы мен рухының мықтылығында. Ол мүгедекпін деп құр

босқа қайғыра бермей, жаратушының жоспарын таза ақылымен түсініп, жарқын болашаққа ұмтылған адам.

«Сіз бір нәрсені қалай аласыз. Армандай аласыз. Оған сенім арта аласыз. Бірақ сол арман-тілектеріңізді іске асыру үшін сізге алдымен қозғалыс қажет. Сіз өзіңізді басып озып қана арманыңыздағы «сіз» бола аласыз» [5, 43б.]. Осы дәлелден-ақ Ник Вуйчич пен Шәкәрімнің ойының бір жерден шыққанын көруге болады. Алайда, Н.Вуйчичтің дұрыс өмір сүруге жетелейтін теорияларын қыр қазағы Шәкәрім ХІХ ғасырда-ақ ұсынып қойған.

Ник Вуйчичті неге таза ақылға ие адам қатарына жатқыздық? Себебі онда арман болды, қозғалыс болды, рухының мықтылығымен барға қанағат, жоққа сабыр ете алды. Таза ақылының көмегімен Жаратушы иенің сынын жете түсініп, қабылдады. Қозғалыстың арқасында бір орында тұрмай, күн сайын даму үстінде болды. Қазіргі күні қайырымдылықпен айналысып, жарқын болашақтан күдерін үзгендерге сенім отын ұялатып, сөнуге сәл қалған сананы таза ақылмен сусындатып жүрген бүгінгінің қаһарманы.

Шәкәрім енді бір өлеңінде қазіргі күнде еш адамнан таза ақылды таппағанын жеткізеді. Бүгінде адамзатта аяу, жәрдем, махаббат деген қалмаған ба? Әлде бабаларымыз бізді әншейін ғана алдап келген бе?

Адамдар бір-бірін «шұқылап», әбден жауыр қылды [6, 8 б.]. Барлығы бір-бірімен жау, бір-бірін жеңгісі келеді, түбірімен қоса құртқысы келеді. Бірақ олар айқын бір хақиқатты түсінбейді: «Барша адамзат – туған бауыр». Күнделікті өмірде жиі байқалатын құбылыс – бір ұлттың таным-түсінігін, ділін мүлдем түсінбей, ұлтты қаралау, жамандау. Адамзатта бір-біріне деген сыйластық жоқ. Дініміз, тіліміз, діліміз, салт-дәстүріміз өзге болса да, барлығымыз ет пен сүйектен жаратылған «адам» деген сүтқоректіміз. Адамның жаманы болса да, бүкіл бір ұлттың жаманы жоқ. Осыны адамзат сан ғасыр бойы түсінбей келеді.

Ақынның айтуынша, тіпті ең білімді деп саналатын Еуропа жұрты да айуандықтан түбегейлі құтыла алмай отыр.

Шәкәрім Құдайбердіұлы ақылды жауыздық мақсатта пайдаланып жүргендерден сескенеді. «Күн көре алмай жақының жатыр өліп, Шіміркенбей жемтігін жейсің бөліп» деген жолдардан бүгінгінің болмысы көрініп тұр [3, 85б.]. Әсіресе, саяси тартыс, таққа, ел-жерге таластың салдарынан билік басындағылар туыстарын, дос-жаранды былай қойып, туған баласын өлтіруге дайын. Қолдан жасалған түрлі қасіреттің орны толмас қайғысы тағы бар. Ақын егер ғылым деген осы болса, адыра қалсын деп, ішіне толған өкінішін жайып салады.

Елді қару мен күш билеп тұрса, «менің жүрегім ақ» дегеннен ештеңе шықпайды. Мылтық билеп тұрған жерде әділдік жоқ. Ал күш көрсетіп, айла асыру – адамдықтың емес, «айуандықтың ең жаманы» [7, 86б.]. Өмірде зұлымдықты еш уақытта әділдік жеңе алмайды. Оны жеңе алатын тек ар ғана. Оған айқын мысал ретінде философ, мемлекет қайраткері Юхан Вильгельм Снельманды айта аламыз.

Білімсіз, зинақор, маскүнем, жұқпалы дерттерден көз ашпаған, онымен қоса, орыстар мен шведтердің қарамағынан шыға алмай, жабайыларша күн

көріп жатқан фин халқына жаны ашыған Снельман, Финляндияны жарқын болашаққа бастаған дана адам. Ол халыққа үгіт-насихат жүргізер кезде әділдікті емес, ең алдымен, арды түзеді. Түрлі жиындарда жүректен шыққан сөзімен бұқараны тебірентіп, жаны өлген, биліктен күдерін үзген халыққа үміт отын сыйлады. Ары сөнген бұқараны қайтадан адам қатарына қосты. «Бәрібір ештеңе шықпайды, тамырын тереңге жайған бұл биліктен, жемқорлықтан, білімсіздіктен құтылу мүмкін емес» дейтіндерге Снельман: «Еліңнің ертеңіне сен де сенбесең, мен де сенбесем, онда кім сенеді?!» - деп, жүректің түкпірінде терең ұйқыға кеткен намысты оятты. «Қоғам қандай болса, басқарушылары да сондай болады» сол себептен ұлт көшбасшысы қоғамға әсер ететін зиялы қауым өкілдеріне сенім артты. Снельман алдымен күллі ұрпақты тәрбиелейтін ұстаздарға сабақ өткізіп, мұғалімнің ар-санасын оятып, сенімін жандандырды. Ал қазірде Финляндия жоғары технология аясындағы алдыңғы қатарлы мемлекет болып саналады. Ел экономикасы адам сенгісіз биіктерге өсті. Осы өзгерістердің барлығына бір ғана себеп – ақылдың таза күйге түсуі.

Философ Ғарифолла Есім «Адам-зат» еңбегінде «адам болмысы» мәселесіне тереңінен тоқталады. Еңбекте адамды құрайтын заттық, материалдық және рухани қасиеттер қарастырылады. Адамды түсінуде берілетін алты негізгі өлшем талданады: тән жүйесі, жан жүйесі, нәпсі жүйесі, ақыл жүйесі, көңіл жүйесі, рух жүйесі. Ғ.Есімнің ақыл жөніндегі тұжырымдары Ш.Құдайбердіұлы мен А.Құнанбайұлының ойларына ұқсас. Себебі, еңбекте осы екі данышпанның еңбектерінен мысалдар келтіріледі. Философтың талдауынша, ақыл – ғылымға бастайтын жол. Таза ақылда тәжірибе жоқ, ал ғылым тәжірибеге негізделген. Философ ақыл туралы өз ойын былайша қорытындылайды - даналық – ақылдың биік формасы, ал надандық – оның ең төменгі табалдырығы. Шәкәрім поэзиясынан шығатын таза ақылды да осы тәрізді тұжырымдауға негіз бар.

Адамның өз қажеттіліктерін қанағаттандыруда тым көп қиянатқа баруы, Шәкәрімнің сөзінше, таза ақылдың жоқтығынан болатын құбылыс. Ал таза ақылдың жай ақылдан айырмасы үлкен. Ақыл кез келген мақсатта жұмсалса, таза ақыл тек ақтың жаршысы. Адам мен айуанның нәпсісінің теңдігі бәрімізге белгілі. Адамды одан ерекшелейтін тек таза ақыл. Ол әділдік, ынсап, адал еңбек тәрізді қасиеттердің басы. Таза ақыл ар-намысқа тікелей байланысты. Олар бір-бірін толықтырып отыратын адами құндылықтар.

Қорытынды

Мақалада Шәкәрім поэзиясындағы бүгінгі күні аса қажетті нағыз адам моделін беретін адами құндылықтар, соның ішінде «таза ақыл» категориясы сараланып, рухани жан тазалығының тіршілікте атқаратын рөлі мен келешекке берер кепілдігі ақын поэзиясынан алып талданды, оның халыққа және болашақ ұрпаққа айтқан терең ойлы сөздері психологиялық, философиялық тұрғыдан карап зерделенді.

Зерттеу жұмысының жаңашылдығы болып табылатын мінсіз өмір сүрудің құпиясы «таза ақыл» негізінде талданды, алға қойылған мақсат-міндеттер орындалды, ойшылдың тұжырымдары мен көзқарастары әлемнің, қазақтың

философтары және заманауи психологтардың ойларымен салыстырылып, ұқсастықтары және айырмашылықтары талқыланды. Шәкәрім поэзиясындағы бүгінгі күні аса қажетті нағыз адам моделін беретін адами құндылықтар категориясы сараланып, соның ішінде «таза ақыл» категориясының рухани жан тазалығын сақтауда атқаратын рөлі мен келешекке берер кепілдігі ақын поэзиясының негізінде талданды. Ақынның философиялық-психологиялық бағытта жазылған өлеңдеріндегі «таза ақыл» категориясы белгілі жүйесін тапты. Жинақталып зерттелген материалды қазақ әдебиетінің тарихы жайындағы, Шәкәрімтану жөніндегі еңбектерде, филология факультетінің студенттеріне сабақ беру кезінде, Шәкәрім жайлы семинарларда қолдануға болады.

Сондай-ақ ұлт психологиясы мен философиясы туралы дәрістерде, зерттеулерде пайдалануға болады.

ӘДЕБИЕТ

- [1] Розанов М.Ю. Человек – это профессия. – Издательское решение, 2020. – 29 с.
- [2] 10 необычных фактов об акулах. <https://www.discoverychannel.ru/>
- [3] Құдайбердіұлы Ш. Иманым. – Алматы: Арыс, 2000. – 321 б.
- [4] Құдайбердіұлы Ш. Үзілмеген үміт. – Алматы: Халықаралық Абай клубы, 2008. – 664 б.
- [5] Ник Вуйчич. Жизнь без границ. – Москва: Эксмо, 2019. – 368 с.
- [6] Құдайбердіұлы Ш. Өткінші ғұмыр. – Алматы: Халықаралық Абай клубы, 2008. – 432 б.
- [7] Шәкәрім. Қазақ айнасы: Өлеңдер мен поэмалар / Шәкәрім. – Алматы: Атамұра, 2003. – 296 б.

REFERENCES

- [1] Rozanov M.Yu. A person is a profession. – Publishing decision, 2020. – 29 p.
- [2] 10 unknown facts about sharks. <https://www.discoverychannel.ru/>
- [3] Kudaiberdiuly Sh. My faith. – Almaty: Arys, 2000. – 321 p.
- [4] Kudaiberdiuly Sh. Unbreakable hope. – Almaty: Abai International club, 2008. – 664 p.
- [5] Nick Vujicic. Life without limits. – Moscow: Eksmo, 2019. – 368 p.
- [6] Kudaiberdiuly Sh. Fleeting life. – Almaty: Abai International club, 2008. – 432 p.
- [7] Kudaiberdiuly Sh. The mirror of Kazakhs: Poetry and poems. – Almaty: Atamura, 2003. – 296 p.

КАТЕГОРИЯ «ЧИСТЫЙ РАЗУМ» В ПОЭЗИИ ШАКАРИМА КУДАЙБЕРДЫУЛЫ

*Нурланова А.Н.¹, Кульгильдинова Т.А.², Кусманова К.А.³,
Сарсембаева А.А.⁴

*¹ канд. фил. наук, профессор, Казахстанско-Американский свободный университет, Усть-Каменогорск, Казахстан,

e-mail: anur_81@mail.ru

² док. фил. наук, профессор, КазУМОиМЯ им. Абылай хана, Алматы, Казахстан,

e-mail: tulebike@mail.ru

³ док. фил. наук, профессор ВКУ им. С. Аманжолова, Усть-Каменогорск, Казахстан,

e-mail: kusmanova_2014@mail.ru

⁴канд.пед. наук, доцент (ассоциированный профессор), ВКТУ им.
Д.Серикбаева, Усть -Каменогорск, Казахстан,
e-mail: araily@mail.ru

Аннотация. Данная статья представляет анализ категории «чистый разум», часто отражаемой в поэзии Шакарима Кудайбердиулы. Основная цель исследования заключается в выявлении универсальных человеческих ценностей в поэзии Шакарима, описывающих модель реального человека, включая роль категории «чистого разума». Данная категория выражена через понятия чистоты души и обещания будущего, основанные на творчестве поэта и его глубоких рассуждениях о народе и предстоящих поколениях.

Исследование сосредоточено на разъяснении сущности категории «чистый разум» в поэзии Шакарима Кудайбердиулы, так как существующие исследования, посвященные его жизни и наследию, не охватывают всего многообразия его творчества. Анализировать произведения Шакарима исключительно как поэтический объект мешает полному пониманию смысла его творчества, что делает данную работу актуальной.

Статья направлена на комплексное раскрытие и анализ категории «чистый разум» в поэзии Шакарима Кудайбердиулы, предлагая модель человеческих ценностей в современном обществе, основанную на его творчестве.

Научное и практическое значение данного исследования заключается в предложении модели правильной жизни, основанной на категории «чистого разума» в период забвения моральных ценностей.

Результаты и анализ исследовательской работы указывают на то, что человек является единственным разумным существом на Земле. Однако Шакарим разграничивает понятия «разум» и «сознание» и придает важность «чистому разуму» в жизни. В статье произведений Шакарима Кудайбердиулы сопоставляются и анализируются для выявления различий между простым и чистым разумом.

В заключение работы подчеркивается важность «чистого разума» как ключевого фактора в человеческом бытии и высвечивается значение этой категории через примеры великих личностей, чьи деяния и духовное наследие просветили и вдохновили не только самих себя, но и общество в целом.

Методы, использованные в ходе исследования: систематизация, сравнительный анализ, повествование и аналитика. Стихи поэта рассматриваются как система, отражающая идеи о человеческом бытии, которые сопоставляются с взглядами зарубежных философов, а также анализируются с точки зрения общей философии и психологии.

Полученные данные и результаты исследования могут быть применены в исследованиях по истории казахской литературы, работах, посвященных Шакариму, а также в учебных целях на филологических факультетах и семинарах, посвященных творчеству Шакарима.

Ключевые слова: чистый разум, человек, Ш. Кудайбердиулы, человечество, сознание, разум, существование, яркий свет

CATEGORY “PURE REASON” IN THE POETRY OF SHAKARIM KUDAIBERDIULY

*Nurlanova A.N.¹, Kulgildinova T.A.², Kusmanova K.A.³,
Sarsembayeva A.A.⁴

*¹Cand.Phil.Sc., Professor, Kazakh-American Free University,
Ust-Kamenogorsk, Kazakhstan
e-mail: anur_81@mail.ru

² Doc.Phil. Sc., Professor KazUIR&WL named after Ablai Khan
Almaty, Kazakhstan

e-mail: tulebike@mail.ru

³ Doc.Phil. Sc., Professor, Sarsen Amanzholov EKV

Ust-Kamenogorsk, Kazakhstan

e-mail: kusmanova_2014@mail.ru

⁴ Cand. Ped.Sc., Associate Professor, D.Serikbayev EKV

Ust-Kamenogorsk, Kazakhstan

e-mail: araily@mail.ru

Abstract. This article presents an analysis of the category “pure reason”, often reflected in the poetry of Shakarim Kudaiberdiuly. The main goal of the study is to identify universal human values in Shakarim’s poetry, which describe the model of a real person, including the role of the category of “pure reason”. This category is expressed through the concepts of purity of soul and promises of the future, based on the work of the poet and his deep thoughts about the people and future generations.

The study is focused on explaining the essence of the category “pure reason” in the poetry of Shakarim Kudaiberdiuly, since existing studies devoted to his life and legacy do not cover the full diversity of his work. Analyzing Shakarim's works solely as a poetic object prevents a full understanding of the meaning of his work, which makes this work relevant.

The article is aimed at a comprehensive disclosure and analysis of the category “pure reason” in the poetry of Shakarim Kudaiberdiuly, proposing a model of human values in modern society based on his work.

The scientific and practical significance of this study lies in the proposal of a model of correct life based on the category of “pure reason” in a period of oblivion of moral values.

The results and analysis of the research work indicate that man is the only intelligent being on Earth. However, Shakarim distinguishes between the concepts of “mind” and “consciousness” and gives importance to “pure reason” in life. In this article, the works of Shakarim Kudaiberdiuly are compared and analyzed to identify the differences between simple and pure reason.

In conclusion, the work emphasizes the importance of “pure reason” as a key factor in human existence and highlights the significance of this category through examples of great personalities whose deeds and spiritual heritage enlightened and inspired not only themselves, but also society as a whole.

Methods used in the study: systematization, comparative analysis, storytelling and analytics. The poet's poems are considered as a system reflecting ideas about human existence, which are compared with the views of foreign philosophers, and also analyzed from the point of view of general philosophy and psychology.

The data obtained and the results of the study can be applied in research on the history of Kazakh literature, works dedicated to Shakarim, as well as for educational purposes at philological faculties and seminars dedicated to the work of Shakarim.

Keywords: pure mind, man, Sh. Kudaiberdiuly, humanity, consciousness, mind, existence, bright light

Статья поступила 14.02.2022